№52
(7894)

21 желтоқсан,
Сейсенбі,
2021 жыл.

uil-gazet@mail.ru

# Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады.

# МЕРЕКЕЛІК ЖӘРМЕҢКЕ – МЕРЕЙЛІ ІСТІҢ МЕЖЕСІ

**16 ЖЕЛТОҚСАН КҮНІ ОЙЫЛ СЕЛОСЫНДАҒЫ «ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ АТЫНДАҒЫ САЯБАҚТА» ЖЫЛ БОЙҒЫ МЕРЕЙЛІ ІСТЕРДІҢ МЕЖЕСІ ІСПЕТТІ МЕРЕКЕЛІК ЖӘРМЕҢКЕ ӨТТІ. РАС, ЖЕЛТОҚСАННЫҢ ЫЗҒАРЛЫ ЖЕЛІ МЕРЕКЕЛІК ЖӘРМЕҢКЕНІҢ МЕЖЕЛІ УАҚЫТТА БАСТАЛУЫН КЕШЕУІЛДЕТТІ. ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ АЛДЫМЕН ОЙЫЛ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ СӘНДІБЕК ДӘУЛЕТҚАЛИЕВ ҚҰТТЫҚТАДЫ.**



Бір мезгіл жәрмеңке алаңына айналған саябақтан ескен әуен жұртшылықты шақырғандай болса, ақшаңқан киіз үйден шыққан ыссы бауырсақтың иісі де маңдасқан адамды еріксіз баурады. Бұл жерде Ойылдағы «Асанәлі», «Балдырған», «Жолшы» балабақшаларының ұжымын ерекше айта кету керек. Таңалакеуімнен палауын басып, бауырсағын пісіріп, мерекелік жәрмеңкеге келгендерге ыстық шәйін ұсынды. Әр бейсенбі сайын ойылдық тұтынушыларына шұжықтарын әкелетін қобдалық кәсіпкер де бүгін сол алаңнан табылды. Жеке кәсіпкер Талғат Қазиев көздің жауын алатын көкөністерін мереке алаңына әкелсе, кәсіпкер Ерсайын Дербісовтің кәуәбінің иісі де мұрынынды жарып барады. Ал, Бауыржан Мұқамбетқалиев Астраханның алып сазандарын алып келсе,



Ырысты жеңгеміз тары-талқанын ұсынды. Екпеталдан әкелінген сойылып, үйітілген семіз қаздың еті де жәрмеңкенің сөресінен табылса, Любовь Луцеваның тұздалған көкөністері мен тосап-тары алыстан көз тартады.

Саябақтың ортасында мерекенің көрігін спортшылар қыздырды. Гір тастарын көтеруде Нұрасқан Сәрсенғалиевке тең келер адам болмаса, қол күресте Асланбек Гильмадинов қарсылас шақ келтірмеді. Ал, арқан тартыста Көкжар командасы қарсыластарының бәрін мәре сызығынан сүйреп өтсе, олармен тірескен Ойыл селолық округінің жігіттері екінші орынға ие болды. Бұл жарыста мәдениет үйінің жігіттері де қалыс қалған жоқ. Жүлделі үшінші орынға қол жеткізді. Жарыстың көрігі автокөлік сүйреу болды. Уаз көлігін межелі жерге 22 секундта жеткізген Ерсайын Дербісовтен озатын адам болмады.

Мерекелік шара соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталды.

# ТАЛҒАТТЫҢ ТАРТУЫ

## БҰЛ ЖОЛЫ 30 ОТБАСЫНА АРНАЛДЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ «30 ИГІ ІС» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА ЖЕРЛЕСІМІЗ, «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ АТЫНАН САЙЛАНҒАН ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫ, «АНВАР» ЖШС-НІҢ ДИРЕКТОРЫ, МЕЦЕНАТ ТАЛҒАТ САЛФИКОВ ӨЗІНІҢ ТУҒАН ЖЕРІ ОЙЫЛ ӨҢІРІНЕ ТАҒЫ БІР МЕРЕКЕЛІК СӘЛЕМДЕМЕСІН ЖОЛДАДЫ.**




Ойыл ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына, халқының әл-аухатының артуына, сондай-ақ Ойылдың гүлденуіне ұдайы қамқор болып жүрген жомарт жан бұл жолы тәуелсіздіктің 30 жылдығына 30 отбасына, әрқайсысы 30 мың теңгенің азық- түлік жиынтығын жіберді.

Талғат Маратұлының мерекелік сыяпатын қабылдап алған «Nur Otan» партиясының Ойыл аудандық филиалы арнайы комиссия құрып, аудан көлемінде аз қамтылған, көп балалы отбасылары мен ерекше күтімді қажет ететін жандардың тізімін түзді.

*«Барлығын бір мезетте қамту мүмкін емес. Бұған дейін де наурыз айында қамқор азаматтың 100 отбасына берген қайырымдылық көмегін үлестіріп берген болатынбыз. Бұл жолы да аудан аумағында жеті ауылдық округтің осы санаттағы отбасыларына ардақты жанның аманатын тапсырдық»* - дейді «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Еркін Жиеналин.

Елінің тірегі, халқының қалаулысы, туған жерінің тілектесі болып жүрген қайырымның иесі Талғат Маратұлына ел-жұртының айтар алғысы ұшан-теңіз! Өйткені, Атымтай азаматтың ауданның білім, медицина салаларына жасаған қамқорлығын айтпағанда, жерлестері үшін салып берген саябағынан қысы-жазы балалардың бал күлкісі арылмаса, музыка мектебінен ескен әуен Ойылдың аспанында қалықтап тұр!

**Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,**
**Ойыл селосы.**

# МЕРЕКЕ КҮНІ

## ЕКІ СӘБИ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

**16 ЖЕЛТОҚСАН КҮНІ АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ АУДАНДЫҚ ПЕРЗЕНТХАНАҒА БАРЫП, ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ КҮНІ ТҮНДЕ ТІЛЕКШІ ҚЫЗ БАЛАНЫ ДҮНИЕГЕ ӘКЕЛГЕН АНАНЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ. МЕРЕКЕЛІК СЫЙЛЫҒЫН ТАБЫС ЕТТІ.**



2021 жылдың 16 желтоқсаны күні дүние есігін ашқан сәбиге «Желтоқсанның қайсар қызы» Сәбираның есімін беріпті. Төртінші сәбиін аман-есен дүниеге әкеліп, қол-аяғын бауырына алған Аққөркем Серікқызы Көптоғай ауылының келіні. Сәбиінің туу туралы куәлігін рәсімдеу үшін электронды үкіметтің проактивті қызметіне жүгінген Аққөркем бір мезетте Сәбираның туу туралы куәлігін алып, біржолғы жәрдемақысын тағайындатып, балабақшаның кезегіне тіркелді. Біз барған сәтте Аққөркемнің телефонына электронды үкіметтің қызметінің де сәтті жүзеге асқандығы туралы хабарлама келіп жатты. Сондай-ақ, «Электронды үкімет» ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай 16-17 желтоқсан күндері дүниеге келген сәбилерге «Сүйінші!» әлеуметтік пакетін ұсынып отыр.

**P.S.**

**Түс әлетінде аудандық перзентханадан тағы бір қуанышты хабар жетті. Әдия есімді сәби дүниеге келді. Ал, жалпы жыл басынан бері Ойыл ауданында 380 сәби дүниеге келсе, оның 138-і Ойыл селосының кішкентай тұрғындары.**

# МАЗМҰНДЫ КЕЗДЕСУДІҢ МАҚСАТЫ – ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

**ӨТКЕН АПТАДА ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ӨНЕР ЖӘНЕ ӨЛКЕ ТАРИХЫ МУЗЕЙІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНА -35 ЖЫЛ, ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН» АТТЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА ӨТТІ.**



Іс шара «Алаш» әнұранымен ашылды. Желтоқсан құрбандарын еске алу үшін бір минут үнсіздік жарияланып, құрмет көрсетілді. Аталған іс-шараға ауданның құрметті азаматтары, Желтоқсан оқиғасының куәгерлері, Тәуелсіздік құрдастары қатынасты. Шара барысында1986 жылы болған Желтоқсан оқиғасы, Қайрат Рұсқылбековтің ерлігі, Қазақстанның егемендік жолындағы игі істері мен тәуелсіздігіміздің қалыптасу кезеңі туралы жұртшылықтың назарына бейнебаян ұсынылды.Тағылымы мол, мазмұны терең мерекелік шара барысында ардагерлеріміз Тәуелсіздік алғанға дейін халқымыздың тартқан тауқыметінің аз еместігін тілге тиек етсе, куәгерлер Желтоқсан көтерілісіндегі оқиғаларды баяндап берді. Ал, Тәуелсіздіктің төл құрдастары болашақ жас ұрпақтың қолында екенін айтып, мерекемен құттықтады. Музей басшысы жиналған кеш қонақтарына сыйлықтар табыс етіп, жылы лебізін білдірді. Шара барысында қатынасқан қонақтар осындай кездесу ұйымдастыруға мұрындық болған музей ұжымына алғыстарын білдірді.

**Г.АЛЕКСЕЕВА.**

# БҮГІН БҮКІЛ ЕЛ АУМАҒЫНДА АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ДАБЫЛ ЖҮЙЕСІ ТЕКСЕРІЛЕДІ



21 желтоқсанда сағат 9.00-ден 12.00-ге дейін азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесіне республикалық тексеру жүргізу жоспарланған. Төтенше жағдайлар туралы халықты құлақтандыру және хабардар ету - тұрғындарды табиғи құбылыстардың әртүрлі факторларының әсерінен болатын апаттың немесе жойқын әсердің теріс салдарынан қорғауға мүмкіндік беретін негізгі қауіпсіздік шарасы. Құлақтандыру жүйесін тексеру барысында электр дабылдарын және сиреналық-сөйлеу құрылғыларын (дауыс зорайтқыштарды) қысқа мерзімге қосу, сондай-ақ теледидар және радиоарналарының эфирі арқылы хабарлау, интернет-ресурстары мен мобильді қосымшаларда ақпаратты орналастыру жоспарланған. «Баршаның назарына!!!» дыбыстық сигналы - қауіп төнген немесе төтенше жағдай туындаған кезде барлық шұғыл хабарламаларды берудің алдында халықтың назарын аудару үшін берілетін ескерту дабылы. Дыбыстық сигналды естіген кезде теледидарлар мен радиоқабылдағыштарды қосу керек. Интернет ресурстардағы және мобильді қосымшалардағы ақпараттарды апат туындаған жағдайда одан әрі әрекет ету туралы нұсқаулар алу үшін оқып шығу керек. Сонымен қатар, қауіпті өндірістік объектілер мен гидротехникалық құрылыстардағы жергілікті құлақтандыру жүйелерінің жарамдылығы тексеріледі. Құлақтандыру жүйесіне республикалық тексеру жүргізу құлақтандыру жабдығын әзірлікте ұстауға және халықты ықтимал төтенше жағдайлардан қорғауға бағытталған.

***Қазақпарат***

# АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ХАТШЫСЫНЫҢ ШЕШІМІ

20 желтоқсан 2021 жыл        № 10        Ойыл селосы

**Аудандық мәслихаттың**
**кезекті тоғызыншы сессиясын**
**шақыру туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Жетінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті тоғызыншы сессиясы 2021 жылдың 23 желтоқсаны күні сағат 10.00-ге аудан әкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.

*Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:*

1. «2022-2024 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы»

*Баяндамашы: Ұлықпанов Қ.Ж. - аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы*

2. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі «Азаматтық қорғау туралы» Заңының ауданда жүзеге асырылуы туралы

*Хабарламашы: Бақтыгереев Т.Б. - Ойыл ауданының ТЖБ бастығы*

3. Аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық даму, бюджет, халықты әлеуметтік қорғау және аграрлық сала мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі

*Хабарламашы: Бергалиев И.Ш. - комиссия төрағасы*

4. Басқа да мәселелер.

**Аудандық мәслихат хатшысы: С.Ғ.Займолдин** — **қолы қойылған**

# ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛНАМАСЫ - 2012-2021 ЖЫЛДАР

## 2012 жыл

**12 қаңтар.** Алматыдағы Абай атындағы опера және балет театрында аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты жиналыс болып өтті.

**16 шілде.** Астана қаласында «Әзірет сұлтан» мешіті ашылды.

**27 шілде-17 тамыз.** Қазақстандық спортшылар Лондон олимпиадасына қатысты. Үш алтын, бір күміс, жеті қола медаль алған отандық спортшылар зор жетістіктермен оралды.

**13 қазан.** КСРО халық әртісі, КСРО мемлекеттік сыйлығының иегері, қазақтың әйгілі әншісі Күләш Байсейітованың ғасырлық мерейтойы туған өлкесі Ақтоғай ауданында салтанатты түрде тойланды. Мерейтой ел көлемінде жыл бойы алуан түрлі іс-шаралар ауқымында атап өтілді.

**1 желтоқсан.** Тұңғыш Президент күні алғаш рет атап өтілді. Мемлекет басшысы Астана қаласындағы «Ақорда» резиденциясында Қазақстан Республикасы Президентінің жаңа байрағын көтеру рәсіміне қатысты.

**28 желтоқсан.** ҚР Үкіметінің «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегерлерін салтанатты марапаттау рәсімі өтті. 2012 жылғы «Әдебиет» аталымы бойынша «Дарын» мемлекеттік сыйлығына Шығыс Қазақстан өнер мұражайының маманы, ақын Азамат Тасқараұлы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ аға оқытушысы, ақын Қалқаман Сарин ие болды.

**2012 жылы** Біртұтас экономикалық кеңістік жұмыс істей бастады. Сонымен қатар осы жылы Қазақстан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының (ҰҚЖШ) жарғылық органына төрағалық етті.

**2012 жыл** – «Мәңгілік ел» идеясы енгізілген, Қазақстан үшін барлық жағынан алға басқан айтулы жыл ретінде тарих бетінде таңбаланды.

## 2013 жыл

**Қаңтар.** 2013 жылдың қаңтар айында Қазақстанның халық суретшісі, қазақ сурет өнерінің негізін қалаушылардың бірі Әубәкір Ысмайловтың туғанына 100 жыл толды. Сонымен қатар осы айда Қазақстанның халық әртісі, ҚР мемлекеттік сыйлығының иегері Бикен Римованың дүниеге келгеніне 90 жыл толды.

**Наурыз.** 2013 жылдың 15-16 наурыз күндері аралығында Шымкент қаласында «Наурыз» атты республикалық ақындар айтысы болып өтті. Бұл айтыс Төле бидің 350, Абылай ханның 300 жылдығына арналды. Осы жылдың ірі тарихи оқиғасы ретінде Хан Абылайдың 300 жылдық мерейтойын атап өтуге болады. Үш жүздің басын қосып, ел тәуелсіздігінің тарихи негізін қалаған Абылай ханның ұлы ерліктері мен жорықтарын ел есінде қалдыру үшін жыл бойына ұлы тұлғаның ұлт тарихындағы ерлігі мен еңбегін насихаттауға арналған мәдени-рухани іс-шаралар ұйымдастырылды.

**Сәуір.** Ирандағы соңғы қазақ жыршысы Әбубәкір Павиз өзінің бірнеше жыр-толғауларын еліміздің тыңдарманына ұсынды. Қазір Иранда Әубәкір Павизден басқа ескі қазақ жырларын білетін адам қалмаған. Оның жыршылық үлгісінде елімізде кездесе бермейтін мәнер мен мақам, жаңаша сөз саптау үлгісі бар.

**Мамыр.** 2013 жылы 21 мамыры Қазақстандағы мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні деп бекітілді. Мұндай атаулы күн еліміз тарихында алғаш рет аталып өткелі отыр. Бұл күн – еліміздегі мәдениет, руханият, өнер саласында аянбай еңбек етіп жүрген қызметкерлердің еңбегі бағаланып, өз жұмыстарына есеп беретін айтулы күн болып табылары анық.

**Маусым.** 2013 жылдың 22 маусымы күні Астана қаласында «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры ашылды. Орталық Азиядағы ірі театр сәулет өнерінің ең үздік классикалық айшықты өнер үлгісінің негізінде салынған. Техникалық жабдықталуы әлемдік нормаларға сай әспеттелген.

**Қыркүйек.** 2013 жылдың 28 қыркүйегінде жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің туғанына 70 жыл толды. Қазақ прозасының қайталанбас суреткерінің мерейтойы осы жылы жыл бойына аталып өтті. Туған жерінде ескерткіш ашылды. Кітаптары жаңаланып жарық көрді. Әртүрлі мәдени-рухани сипаттағы іс-шаралар туған жері Шыңғыстай топырағынан басталып, тұтас республиканың бас қалалары мен облыс орталықтарында, мектептер мен кітапханалар да аталып өтті.

**Қазан.** 2013 жылы 3 қазан күні Алматы қаласындағы Ғабит Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында шетелде тұратын қандастарымыздың екі күнге жалғасқан өнер фестивалі өтті. Фестивальге он алты мемлекеттен жүз елуден аса өнерпаз қатысты.

**Қараша.** 2013 жылдың 22 қарашасы күні қазақтың аса көрнекті жазушысы, болмысы бөлек суреткер Тәкен Әлімқұловтың туғанына 95 жыл толды. Тәкен Әлімқұлов Мәскеудегі М.Горький атындағы әдебиет институтында білім алған.

**Желтоқсан**. Осы жылы 26 желтоқсанда, белгілі әдебиеттанушы, сыншы, ғалым Мұқаметжан Қаратаевтың туғанына 100 жыл толды. Осыған орай Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде М.Қаратаевтың рухани мұрасына арналған ғылыми конференция өтті.

## 2014 жыл

**Қаңтар.** 1924 жылы 10 қаңтарда ақын, көсемсөз шебері Ілияс Жансүгіров «Тілші» газетіне «Кеңседе жергілікті тілді жүргізу керек» деген мақаласын жариялаған болатын. 2014 жылы қаңтар айында осы мақаланың жарық көргеніне 90 жыл толды. Сексен жыл ішінде осы мәселе күн тәртібінен түскен емес. Қазір де өзінің маңыздылығын жойған жоқ. Мемлекеттік тілді құрметтейтін әрбір қазақстандық Құлагер ақынның осы жазбасын естен шығармағаны абзал.

**1934 жылы** әдебиет пен мәдениетке арналған «Қазақ әдебиеті» апталық газеті шыға бастады. 2014 жылғы қаңтар айында аталмыш газетке 80 жыл толды. «Қазақ әдебиеті» газетінің алғашқы редакторы – жазушы Бейімбет Майлин. Газет белгілі себептермен ортада он төрт жылдай үзіліс жасап, 1955 жылы қайтадан жарық көре бастады. Ұлттық әдебиетіміздің алтын арқауына айналған апталық басылым, содан бері үзіліссіз жарық көріп, қазақ әдебиетінің жаршысы болып келеді.

**Ақпан.** 2014 жылы 24 ақпанда, күйші, домбырашы, композитор, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Шәміл Әбілтай 70 жасқа толды. Шәміл қазақ күй өнеріндегі айтулы тұлға. Ол көптеген ел іші-сыртына танымал әндер мен күйлердің авторы. «Ұлытау» атты күй кітабы мен «Ордабасы» қатарлы күйтабақтары жарық көрген. Ол қазақ телеарнасында күйтануға, күй өнерін дәріптеуге арналған «Үкілі домбыра», «Домбырадастан» сияқты танымдық хабарлар жүргізген. Түркияның Измир қаласында өткен бүкіл әлемдік түркі жұртының дүниежүзілік құрылтайында өнер көрсетіп, «Озан» атағын алған. Айтулы тұлғаның мерейлі жасы республикалық деңгейде аталып өтті.

**Сәуір.** 2014 жылы 28 сәуір күні Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі, опера әншісі Абай Байтоғаевтың туғанына 90 жыл толды. Ол Мәскеу қаласындағы Гнесиндер атындағы музыкалық-педагогикалық институттың түлегі. Қазақ академиялық опера және балет театрының солисі болған. «Абай», «Қамар сұлу», «Біржан-Сара» сынды опералық шығармаларда басты партияларды орындаған.

**Маусым.** 4 маусым Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күні. 1992 жылы дәл осы күні Тәуелсіз Қазақ елі өзінің алғашқы мемлекеттік рәміздерін бекіткен болатын. Содан бері осы тарихи күн – мемлекеттің мызғымас бірлігі болып саналатын мемлекеттік рәміздер құрметіне мәңгі есте қалып, жыл сайын аталып өтіп келеді.

**Тамыз.** 2014 жылы 13 тамызда Берлин симфониялық оркестрінің тарихында тұңғыш рет қазақстандық скрипкашы, халқаралық сыйлықтардың лауреаты, Қазақстанның халық әртісі Айман Мұсақожаеваның жеке концерті өтті. Концертке дирижерлік еткен Берлин симфониялық оркестрінің дирижері Лиора Шамбал.

**Қыркүйек.** 2014 жылы 14 қыркүйекте, белгілі фольклорист, ауыз әдебиетін жинап, зерттеуші, қоғам қайраткері Ахмет Баржақсинның туғанына 120 жыл толды. Ол өз өмірінде қазақтың 1710 мақал-мәтелін жинаған. Әңгімелері мен фольклорлық материялдары «Сарыарқа», «Қазақ», «Алаш», «Айқап», «Үш жүз» сынды газет-журналдарда жарияланып тұрған.

**Қазан.** 2014 жылы 14 қазанда жазушы, драматург Роза Мұқанова 50 жасқа толды. Астанадағы Өнер университетінде ұстаздық қызмет атқаратын жазушының мерейтойы осы оқу орынының шаңырағында аталып өтті. Шығармашылық кеш ұйымдастырылып, драматургтың студенттері «Шатыр астындағы мен» атты қойылымын сахналады. Жазушының елу жылдық мерекелік кешіне замандастары, қаламдастары, қызметтестері қатысты.

**Қараша.** 2014 жылы 7 қараша күні «Шабыт» XVII халқаралық шығармашылық жастардың жастардың фестивалінің жеңімпаздары марапатталды. Осы реткі «Шабыт» фестивалінің бас жүлдесін ақын Батырхан Сәрсенхан алса, I орынды ақын Олжас Қасым, II орынды ақын Хамит Есаман алды.

**Желтоқсан.** 2014 жылы 26 желтоқсанда мемлекет және қоғам қайраткері, Түркісб темір жол құрлысының негізін салушылардың бірі Тұрар Ырысқұловтың туғанына 120 жыл толды. Тұрар Ырысқұловтың өмірі мен күрескерлік жолы жазушы Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» атты бес кітаптан тұратын роман-хамсасында жан-жақтылы баяндалған. Қайраткердің мерейтойы туған жерінен басталып, республика көлемінде салтанатты түрде аталып өтті.

## 2015 жыл

**Қаңтар.** 2015 жылдың 15 қаңтарында белгілі актриса, Қазақстанның халық әртісі Зинат Әкбарова 80 жасқа толды. Зинат Әкбарова Алматыдағы хореография училищесінің түлегі. Қызымет жолын ұйғыр театрында биші болып бастаған Зинат кейін әктерлік қырымен танылады. .

**Ақпан.** 2015 жылы 2 ақпанда Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, тарихшы-ғалым, жазушы Мұхтар Мағауин 75 жасқа толды. Қазақ әдебиетіне «Көк мұнар», «Сары қазақ», «Шақан шері», «Жармақ», «Аласапыран» сынды бірегей туындылар ұсынған жазушының мерейлі жасы, өзі тұрып жатқан Прага қаласында аталып өтті.

**Наурыз.** 2015 жылы 5 наурызда Алматы қаласындағы Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында «Ұлттық ойындар – халық мұрасы» атты көрме ашылды. Бұл көрме ЮНЕСКО-ның құрылғанына 70 жыл толуына орай ұйымдастырылды.

**Сәуір.** 2015 жылдың 15 сәуірі – Ахмет Байтұрсынұлының ұлтымызға тарихи «қазақ» атауын қайтарып бергеніне 90 жыл толады. Аталмыш оқиға 1925 жылы Қызылорда қаласында Қырғыз (Қазақ) АКСР Кеңесінің бесінші сиезінде Байтұрсынұлының жасаған баяндамасынан бастау алады.

**Мамыр.** 2014 жылы 15 мамырда, белгілі жазушы, журналист Сәуірбек Бақбергеновтың туғанына 95 жыл. Ол Ұлы Отан соғысына қатысқан белгілі майдангер жазушы. Соғыстан кейін «Социалистік Қазақстан» газетінде, «Жазушы» баспасында қызымет атқарған. Ол оқырмандарына «Алтын күрек», «Бозторғай», «Алтын емелден асқан да» қатарлы көптеген шығармаларымен танымал. Сонымен қатар әлем әдебиетінің көптеген туындыларын аударған білікті аудармашы.

**Маусым.** 2015 жылдың 16 маусымында елімізде тұңғыш рет ашылған технологиялық әдебиеттер баспасына 5 жыл толады. Аталған баспа «Арыс» баспасымен бірігіп жасалған жоба. Қазіргі таңда технологиялық әдебиеттер баспасы өз жұмысын жоғары деңгейде атқарып келеді.

**Шілде.** 2015 жылы 15 шілде күні белгілі аудармашы, ақын Қабыл Боранбаевтың туғанына 100 жыл толды. Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған Боранбаев, Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық университетін бітіреді. ҚазТАГ-та редактор, «Пионер» журналында редактордың орынбасары қызыметін атқарған. «Дәурен», «Балалар шатығы», «Ант» сынды жыр кітаптары жарық көрген.

**Тамыз.** 2015 жылдың 22 тамызында Шығыс Қазақстан облысы, Қатынқарағай ауданы Қарақаба жазығында, Халықаралық түрік академиясының ұйымдастыруымен «Алтай – алтын бесігім» атты тұңғыш реткі халықаралық археологиялық экспедиция өзінің жұмысын табысты түрде аяқтатты.

**Қыркүйек.** 2015 жылы 22 қыркүйек Орынбор қаласының алаш елінің астанасы болғанына 95 жыл толды. Тарихқа жүгінсек, 1920 жылы 26 тамызда «Қазақ автономиялы социалистік кеңес республикасын құру» туралы қарар қабылданып, Орынбор қаласы ҚазақАКСР құрамына қосылады. Соның нәтижесінде 1920-1925 жылдар аралығында Орынбор қаласы Қазақстанның алғашқы астаналарының бірі болып тарихта қалады.

**Қазан.** 2015 жылдың 8 қазанында, Тараз қаласында Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты мерейтой басталды. Мерейтой аясында іске асқан ең үлкен жоба «Қазақ хандығы» монументінің ашылуы болды. Өзіндік композициялық мәнерімен ерекшеленетін монументте мәрмәрдан жасалған 27 метрлік стела және Керей хан мен Жәнібек ханның 5 метрлік мүсіндері бар. Керей ханның қағаз бен қалам ұстаған мүсіні бейнеленсе, Жәнібек ханның қолына найза ұстап тұрған айбатты келбеті бейнеленген. Бірі – ақыл парасаттың, бірі – ерлік рухтың символындай әсер береді.

**Қараша.** 2015 жылдың 15 қарашасы – белгілі педагог-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, академик, Кеңес Одағының батыры, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты Мәлік Ғабдуллинның туғанына 100 жыл. Ғалым Мәлік Ғабдуллиның негізгі зерттеу нысаны – қазақ халқының батырлық жырлары, мақал-мәтелдері, қара өлең, айтыс, халық әндері сынды фольклорлық туындылар. Ғалымның «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты ғылыми еңбегі осы күнгі фольклортанудың бастауында тұрған еңбек. Қазіргі таңда Көкшетау қаласында Мәлік Ғабдуллин атындағы мемлекеттік музей өз жұмысын жалғастырып келеді.

**Желтоқсан.** 2015 жылдың 22 желтоқсанында «Айгөлек» балалар журналының ашылғанына 15 жыл толды. Алғашында 22 бет болып шыққан басылым, 2010 жылдан бері 32 бетке өсті. Журнал негізінен мектеп оқушыларының білімін, шығармашылық қабылетін көтеру жолында қызымет атқарады.

## 2016 жыл

**6 қазан.** Елімізге Ресейдегі Кейкі батырдың бас сүйегі қайтарылған. Мажар ғалымдары батырдың бейнесін қайта қалпына келтірген. Кейкі батырдың сүйегі Қостанай облысы, Амангелді ауданындағы Тасты ауылына жерленген. Кейкі (Нұрмағанбет) Көкембайұлы - 1916 жылғы Торғайда өткен ұлт-азаттық көтерілісінің батыры, айтулы мерген.

**2016 жылы** 1917-1921 жылдардағы Алашорда үкіметінің көсемі, қайраткер, әдебиеттанушы, аудармашы, ғалым, қазақ халқының асыл перзенті Әлихан Бөкейханұлының 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтті. ЮНЕСКО-ның 2015 жылғы 18 қарашасында Парижде өткен конференциясының 38-ші сессиясында осындай қаулы қабылданған.

**1916 жылғы** ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығы. 1916 жылы 25 маусым күні славян ұлтынан емес, «бұратана» саналған халықтардың 19 бен 43 жас аралығындағы ер азаматтарын тыл жұмыстарына алу жөнінде патша жарлығы шығады. Жарлықты естіген жұрт ашуға булығып, ашуының аяғы Қазақ жеріндегі және Орталық Азия халықтарының біраз бөлігіндегі ұлт-азаттық көтеріліске ұласады.

**2016 жылы** ақын әрі сазгер Қалнияз Шопықұлының 200 жылдық мерейтойы өтті.

Ұлт ағартушысы, педагог, ақын, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері, қазақ балаларының білім алуына бастамашы болып, қазақ тілі әріптерінің жүйелі тізбегін жасап, қазақ әлібиін құрастырған ғалым Ыбырай Алтынсариннің 175 жылдығы кең көлемде тойланды

Әйгілі Маңғыстаулық жырау, сол өлкедегі бес жүйріктің бірі Қашаған Күржіманұлының және әйгілі сазгер Мұхит Мералыұлының 175 жылдық, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 170 жылдық мерейтойлары ел көлемінде ұлықталып, аталып өтті.

**2016 жылы** Желтоқсан көтерілісіне 30 жыл толды. 1986 жылы 17-18 желтоқсан күндері СОКП Орталық Комитетінің шешіміне қарсы шыққан қазақ жастары бейбіт шеруге шығып, Алматы шәріндегі Орталық Алаңға жиналып, наразылықтарын білдірді.

**2016 жылы** қаламгер Бексұлтан Нұржекеұлына «Әй, дүние-ай!» романы үшін Мемлекеттік сыйлық берілді. Бұл роман-хамсада 1916 жылғы көтерілістен бастап егемендік алған аралыққа дейінгі тарихи тағдырлы оқиғалар тізбегі баяндалады. Бексұлтан Нұржекеұлы аталмыш романды жазу барысында мұрағатта бес айға жуық уақыт отырып, құжаттар мен деректерді салғастырып, ұлт тарихындағы қамырық қайғы мен қасіретке толы кезеңнің ақиқаты ашылмағандығына көз жеткізеді.

## 2017 жыл

Бұл жылы ең бір есте қаларлық оқиғалардың бірі «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі болды. Еліміз кең көлемдегі әлемдік шараны ұйымдастыру мүмкіндігіне ие болған алғашқы посткеңестік мемлекет атанды. Үш ай бойына елордамыз Астана шаһарында өткен көрмеде баламалы энергия көздерін табуға қатысты әлем ғалымдарының тәжірибесін бір арнаға түйістірді.

2017 жылдың басында қазақстанның талантты әнші Димаш Құдайберген Қытай Халық Республикасында өткен «Singer 2017» байқауында бақ сынап, екінші орынды иеленді. Отандасымыздың ғажап өнері көптеген қытайлық және басқа елдердің жанкүйерлерінің сүйіспеншілігіне бөленді. Байқаудан кейін есімі мұқым дүниеге мәшһүр болған Димаш Қытай мен Америкадағы көптеген музыкалық марапаттауларды еншіледі. 16 желтоқсанда әнші өзінің алғашқы әлемдік турнесіне аттанды.

Американы бағындыруға бет алған тағы бір отандасымыз - жас әртіс Софи Манасян. Алғаш рет Софи Манасян 7 жасында әлемнің атақты Карнеги хол сахнасында «Аққу» биімен көзге түскен. Бүгінге дейін жас дарын ЮНЕСКО-ның хореография бойынша мүшесі, бірнеше халықаралық байқаулардың жеңімпазы атанып үлгерді. Софи Лос-Анджелес қаласындағы хореографиялық училищеде білім алуда, Голливудтың музыкалық клиптеріне түсіп жүр және фортепианода ойнап, АҚШ пианистер гильдиясын мойындатып үлгерді.

Жас қазақстандық әнші Данэлия Төлешова үшін де 2017 жыл сәтті өтті. Әнші қыз Украинаның «Голос. Діти» байқауын жеңіп алды. Финалда Данэлия өзінің әнінің, дауысының шынайы да тереңдігімен көрермендерді тәнті етті. Ал «Не твоя война» композициясы залдағы көрермендердің көпшілігінің көзіне жас үйірді.

Астанадағы ЭКСПО Конгресс орталығында өткен «Рухани жаңғыру: Алаш және Азаттық идеясының сабақтастығы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда қатысушылар Алаш арыстарын ұлықтау, олардың мұраларын зерттеуді жүйелеп, жас ұрпақты патриоттық рухқа тәрбиелеу ісін Алаш мұраттарымен сабақтастыру мәселелері көрініс табатын қарар қабылдады.

**2017 жылы** «Qazaqstan» ұлттық арнасының арнайы жобасы, Алаштың 100 жылдығына арналған режиссер Мұрат Бидосов түсірген «Тар заман» телехикаясы жарыққа шықты. 12 бөлімдік сериалда басты кейіпкер - Әлихан Бөкейханов пен өзге де алаш зиялыларының Алашорда үкіметін құру жолындағы ересен еңбектері баяндалады.

**2017 жылы** өзіндік сүрлеу салып, ұлт өнерінің дамуына ықпал еткен бір топ ақын-жазушылар мен әнші-сазгер, суретшілердің жүз жылдығы атап өтілді. Олардың ішінде қазақ кескіндемешісі және кино суретшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш суретші Айша Ғарифқызы, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Бақытжан Байқадамов, қобызшы Гүлнәфис Баязитова, тарихшы, этнограф-ғалым, Жағда Бабалықұлы, ақын, сыншы, әдебиет зерттеушісі, филология ғылымының кандидаты Сағынғали Сейітов, жазушы Фатих Дінисламов, Халифа Алтай, театр және кино әртісі Хадиша Бөкеева, дирижер Ғазиз Ниязұлы бар.

## 2018 жыл

2018 жылы ұлтымыздың бас ақыны, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, реформатор Абай Құнанбайұлының туғанына 173 жыл толуына орай ел көлемінде елеулі мәдени шаралар ұйымдастырылды. Ұлттық идеологиямызға ұстын болып отырған Абай ғақылиясы – жаңа заман ұрпақтарына да жол ашар жарық жұлдыз іспетті.

Тәуелсіздік декларациясының қабылданғанына – 28 жыл.

Ұлтымыздың ғасырлар бойына жалғасқан бостандық жолындағы көтерілістерінің нәтижесінде еліміз осыдан отыз жыл бұрын тәуелсіздікке қол жеткізді. Ата-бабамыздың аңсаған арманы орындалып, батырларымыздың қанымен, аналарымыздың жасымен келген тәуелсіздікке бүгінгі ұрпын-ұрпағы куә болды. Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылы лебін сездірген, тәуелсіздік туралы Конституциялық заңның қабылдануына негіз болған тарихи құжат – Егемендік туралы декларация. 1990 жылы 25 қазанда бекітілген бұл Декларация бойынша Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі жарияланды.

Қазақстан Республикасының Конституциясына – 23 жыл.

Егемен еліміздің бүгіні мен ертеңіне халықтың сенімін нығайтып, мақсат-мұратымызды айқындаушы – Ата Заңымыз. 1995 жылдың 30 тамызында жалпыхалықтық референдум негізінде қабылданған ел Конституциясы қазақстандықтардың құқықтың мәртебесін, саяси-экономикалық құрылыстың негіздерін белгілейді.

**2018 жылы** өзіндік сүрлеу салып, ұлт өнерінің дамуына ықпал еткен бір топ ақын-жазушылар мен әнші-сазгерлер, руханиятымызға өлшеусіз үлес қосушы ғалымдар елуге толды. Олардың ішінде, ақын Білісбек Әбдіразақ, философия ғылымдарының докторы Досай Кенжетай, дәстүрлі әнші Жанар Айжанова, театр әртісі Азамат Махмұтұлы, Қазақстанның мәдениет қайраткері, актер Нұрлыбек Жұбатқан, қазақстандық биші, балетмейстер Хадиша Ағымбаевалар бар.

**2018 жылы** бірқатар ақын-жазушы, күйші-сазгерлердің жүз жылдығы тойланды. Олардың қатарында жазушы Ісләм Жарылғапов, Жамаладдин Босақов, сазгер Садық Кәрімбаев, күйші Төлеген Момбековтер бар.

## 2019 жыл

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жиырма сегізінші жылы ел өмірінде көптеген жетістіктер мен қиыншылықтар, зор өзгерістер болуымен есте қалды.

**2019 жыл** – Жастар жылы аталды. Бұл туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы жолдауында жарияланған болатын. Жастар жылында көптеген әлеуметтік бағдарламалар жоспарланып жүзеге асырылды.

**24 қазан.** Польшаның Гливице қаласында өткен «Балалар Евровидениесі» музыкалық шоуында қазақстандық жасөспірім әнші Ержан Максим 227 ұпай жинап, екінші орынды иеленді.

Қазақтың ғажап дауысты әншісі Димаш Құдайберген 2019 жылы көптеген жетістіктерге жетті. Осы туралы тарқатып айта кетуді жөн көрдік.

Нью-Йорктегі Barclays Center аренасында әншінің «Arnau Tour Envoy» атты шоу-концерті өтті. Осы жылдың ақпан-наурыз айларында «The World's Best» CBS таланттар шоуында (АҚШ, Калифорния, Голливуд) жартылай финалда өнер көрсетті.

**5 желтоқсанда** Ресей ұлттық музыка академиясының «Виктория» сыйлығына «Жыл жаңалығы», «Классикалық музыкадағы жыл вокалисі» аталымдарына ие болды.

**7 желтоқсанда** Ресейдегі «Жыл әні-2019» дәстүрлі байқауында «Жылдың үздік әншісі» аталымына ие болды.

**12 желтоқсанда** ҚР Президентінің Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағына ие болды.

**26 желтоқсанда** Қытай астанасы Пекинде өткен «The 10th DoNews RenRen Awards Ceremony» бойынша «Жылдың ең үздік шетелдік әртісі» аталымына ие болды.

**19 наурыз.** Мемлекет басшысы Нұр-Сұлтан Әбішұлы Назарбаев республикалық телеарналар арқылы Қазақстан халқына арналған үндеуін жариялады. Үндеуде мемлекет басшысы өзінің Қазақстан Республикасының Президенті ретіндегі өкілеттілігін тоқтатындығы жөніндегі шешімін мәлімдеді. ҚР Парламент Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа өз өкілеттілігін тапсыратындығын мәлімдеді. «Ол – адал әрі жауапкершілігі жоғары азамат.

**23 наурыз.** Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының астанасы Астана қаласының атауын Нұр-Сұлтан деп қайта атау туралы жарлыққа қол қойды.

**9 маусым.** Қазақстан Республикасында кезектен тыс президент сайлауы жүріліп, 70,76 пайыз дауысқа ие болған Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды.

**17 қазан.** 2019 жылы дәл осы күні Қытайдың Ухань қаласында дүние жүзін дүрліктірген короновирус (COVID-19) індеті алғаш тіркелді. Әлем халқының өмір сүру салтына, дүниежүзілік сауда-экономикалық, мәдени-рухани байланыстарға ерекше ықпал жасап, мемлекеттер арасындағы шекаралар жабылып, миллиондаған адамдар өмірден өтуіне себепкер болған бұл дерт Қазақстанға соқпай өткен жоқ.

**2019 жылы** Қазақстанның әдебиетіне, мәдениетіне, мемлекеттілігіне өлшеусіз еңбек сіңірген көптеген әйгілі адамдары өмірден озды. Олардың ғазиз есімдерін халық жадында жаңғыртып өтуді жөн көрдік.

Қазақстанның халық артисі Айша Абдуллина (1916 ж.т) 103 жасында өмірден өтті. ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, көрнекті ғалым, майдангер Әбдуәли Қайдар (1924 ж.т), ҚР ҰҒА академигі, аса көрнекті заңгер Сұлтан Сартаев (1927 ж.т.), Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Венера Қармысова (1936 ж.т.), көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы қызметін атқарған Серікболсын Әбділдин (1937 ж.т.), Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Раиса Мұхамедьярова (1939 ж.т.), ауған соғысында «Қара майор» атанып аңыз болған әйгілі командир Борис Керімбаев (1948 ж.т.) қатарлы есімі елге мәшһүр тұлғалар бар.

## 2020 жыл

**2020 жыл** – еліміз үшін Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл, әлемнің екінші ұстазы Фарабидің туғанына 1150 жыл, Алтын Орда хандығының құрылғанына 750 жыл толуымен есте қалды. Отан абыройын, ұлт мерейін үстем еткен айтулы мереке тұтас республика деңгейінде аталып өтті. Өкініштісі тұтас әлемді жаулаған «COVID-19» вирусы алаштың аймаңдай азаматтарымен қатар көптеген қаламгерлерді де ала кетті. Бұл туралы порталымыз қазанамалардан тыс, жаһанды жаулаған вирус туралы жазылған алғашқы шығармаларды жариялады. Солардың қатарында жазушы Асқар Алтайдың «Вирус-мутант» әңгімесі, ақын Ғалым Жайлыбайдың «?» (Сұрақ белгі) поэмасын алғашқы сапта жариялағанымызды мақтанышпен айта кеткіміз келеді.

**2020 жылы** ұлтымыздың ғана емес, тұтас түркі мәдениетінің тасқа қашалып жазылған құнды да қымбат көне жәдігерлерінің бірі – Тонықөк ескерткішінің 1300 жылдығы UNESCO көлемінде аталып өтті.

Мұқым түркі әлемінің, қала берді исі адамзаттың ақыл-ой шырақшысы болған, әлемнің екінші ұстазы саналатын Әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдық мерейтойы ел көлемінде ұлықталып, аталып өтті. Шығыс әлемінің ойпаз-данышпаны, әлем кітапханасы сөрелеріндегі салмағы ауыр пәлсапалық трактаттар авторының адамзат игілігіне қосқан үлесі қомақты, еңбегі ұшан-теңіз болып саналады.

**2020 жылы** ұлтымыздың бас ақыны, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, реформатор Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай ел көлемінде елеулі мәдени шаралар ұйымдастырылды.

Қазақ даласында Патша үкіметіне қарсы азаттық алу жолында егемендікті ұран қылған 300-ден астам үшін ірілі-ұсақты көтеріліс болған. Кенесары Қасымұлының, Есет пен Жанқожаның, Сырым Датұлының, Исатай мен Махамбеттердің көтерілістерінің ізімен 1870 жылы патшалық Ресей өкіметінің отарлау саясатына қарсы Маңғыстау өңірінде болған Иса мен Досан көтерілісіне 2020 жылы – 150 жыл толды.

**2020 жылы** Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңіске 75 жыл толды. Соғыс жылдары кеңес әскері қатарына 1 миллион 400 мың қазақстандық шақырылды. Оның 601 мыңы туған жерге оралған жоқ. Олар майданда ерлікпен шайқасты. 100 000-нан астам отандасымыз жауынгерлік ерліктері үшін медаль, ордендермен марапатталды. Шамамен 500 қазақстандық Кеңес Одағының батыры атанды.

**2020 жылы** Абдрахманов Сауытбек Абдрахманұлына, мәдениеттанушы – «Абыз Әбіш» зерттеуі үшін; Ақсұңқар Серікке, ақын – «Көкейімде Күлтегіннің жазуы» өлеңдер жинағы үшін; Есім Ғарифоллаға, жазушы – «Ғұлама-наме» трилогиясы үшін; Жолдасбеков Мырзатайға, әдебиеттанушы – «Ұлы Дала әдебиеті» тарихи-әдеби зерттеулер жинағы үшін; Қанапиянов Бақытжан Мұсаханұлына, ақын – «Достояние души» өлеңдер жинағы үшін; Мұқанова Роза Қажығалымқызына, драматург – «Сарра» драматургиялық шығармалар жинағы үшін; Нұрмағанбетов Тынымбай Нұрмағанбетұлына, жазушы – «Періштелердің өлімі» прозалық шығармалар жинағы үшін Қазақстан Республикасының «Абай» атындағы әдебиет пен өнер саласындағы мемлекеттік сыйлығы табыс етілді.

**2020 жылы** өзіндік сүрлеу салып, ұлт өнерінің дамуына ықпал еткен бір топ ақын-жазушылар мен әнші-сазгерлер, руханиятымызға өлшеусіз үлес қосушы ғалымдар елуге толды. Атап айтсақ, олардың ішінде театртанушы, өнертану кандидаты Бақыт Көкиқызы, композитор, эстрада әншісі, ақын Елена Әбдіхалықова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, театр және кино актері Жалғас Толғанбай, режиссер, суретші, сценарист Рүстем Әбдірашев, суретші Сәуле Сүлейменова, қазақ эстрадасына опералық музыкана әкелген тұңғыш әнші Толқын Забирова, ақын, журналист Қазыбек Қабжановтар бар.

**2020 жылы** бірқатар ақын-жазушыларға 1 ғасыр толды. Олардың қатарында жазушы, Бұқара Тышқанбаев, жауынгер қазақ ақыны Жұбан Молдағалиев, жазушы, аудармашы Қажымұрат Сыздықов бар.

## 2021 жыл

2021 жылы Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл толды. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев егемендігіміздің 30 жылдығын осыған дейін қолға алған реформалар аясында ұйымдастырған абзал екеніне тоқталып, осы жылы саяси реформаның үшінші кезеңін жүзеге асыруға бұйрық берді. Соның аясында қоғамды демократияландыруға бағытталған бірқатар заң қабылданады.

Ыбырай Алтынсариннің туғанына – 180 жыл.

**2021 жылы** қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толды.

Ұлтымыздан шыққан тұңғыш ағартушы ұстаздарымыздың бірі, Ыбырай Алтынсарин қазақ баласының білім алуы үшін бар ғұмырын сарп еткен болмысы ірі қайраткер.

Әлихан Бөкейханұлының туғанына – 155 жыл.

2021 жылы көрнекті қоғам қайраткері, Ресейдің жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің депутаты, Ресейдің I Мемлекеттік думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік думаның мұсылман фракциясының Бюро мүшесі, Санкт-Петербор масоны, қазақтың 20 ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысының негізін салушы әрі көсемі, халқымыздың тұңғыш саяси Алаш партиясының ұйымдастырушысы және ұлттық Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, ғұлама ғалым – ормантанушы, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі дарынды публицист Әлихан Бөкейханұлының туғанына 155 жыл толды. Қайраткердік мерейтойы ел көлемінде ұлықталды

**2021 жылы** 1891 жылы бұрынғы Семей губерниясы, қазіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы уезі, Ақтоғай ауданында туған Алаш қайраткері Әлімхан Ермековтің туғанына 130 жыл толды. Әлімхан Ермеков Қазақ автономиясының территориясын жанкештілікпен қорғап, 1920 жылы 17 тамызда Лениннің төрағалығымен өткен Халық комиссарлары кеңесінің құрылтайында баяндама жасайды.

2021 жылы қазақ әдебиетінің абайтану мектебінің негізін қалаушылардың бірі, Шәкәрім шығармаларын алғашқы насихаттаушылардың бірі, әрі жарыққа шығарушы, мұхтартанушы ғалым Қайым Мұхамедхановтың туғанына 105 жыл толды.

2021 жылы Қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасын қалдырған лирик, мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойы мемлекет көлемінде тойланды. Биылғы жылы ақиық ақынның трагедиясы мен өмірінің соңғы жылдары баяндалған «Мұқағали» көркем фильмі жарық көрді. Фильмнің режиссері Болат Қалымбетов кинотуындыны түсіру үшін он бес жылын сарп еткен. Сценарийін жазған қазақ әдебиетіне танымал қаламгер Жүсіпбек Қорғасбек.

**2021 жылы** «Әдебиет» номинациясы бойынша ақын Сәрсенхан Батырхан Беріханұлы мен Ахмер Біржан Ермекұлы «Дарын» сыйлығының иегері атанды.

*Adebiportal.kz*

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардардың ұжымдардың,жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің,әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы,кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Әрине,сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың,дара кәсіпкерлердің,азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

**Ойыл аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы**

# Алғыс

Соңғы жылдарғы әлемді дүрліктірген дерт талай азаматты алып кетті. Әрине, ажалы ол дерттен болмаса да, біздің отбасымызға да қайғының бұлты үйірілді. Анамыздың аяулы жары, біздің асыл әкеміз, немерелерінің сүйікті атасы – Өтеміз Меңдіғалиұлы да аяқ астынан дүние салды. Салауатты өмірді серік еткен әкеміз өзі ғұмырының белгілі бөлігін арнаған ішкі істер саласындағы кешегі үзеңгілес әріптестері, бүгінгі ізбасарлары үшін де нағыз идеал тұлға болды.

Жуырда әкеміздің атына шағын футболдан турнир өткізу туралы аудандық полиция бөлімінің басшылығы тарапынан ұсыныс түскенде сондай азаматтың ұрпағы екенімізді мақтан тұтатындай көзімізге жас келсе де, кеудемізді мақтаныш сезімі кернеді. «Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйінерге жарар ол!» - деп Абай атамыз айтқандай, біздің әкеміз елдің сүйінер ұлы болды деп толық айта аламыз! «Үлкенге құрмет, кішіге ізет!» көрсеткен бүгінгі аудандық полиция бөлімінің ұжымына отбасымыздың атынан үлкен алғыс айтып, шын көңілден ризашылығымызды білдіреміз! Әкеміз туралы жылы лебіз білдірген әріптес ағалары мен ізбасар інілеріне де шынайы ризашылығымызды білдіреміз! Еске алу турнирінің жоғары дәрежеде өтуіне атсалысқан аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің ұжымына да отбасымыздың ықыласын жеткізгім келеді.

Бәріңізге Алланың нұры жаусын!

**Ізгі ниетпен**

**Өтеміс Төрехановтың отбасы.**

# УЛАҒЫШ ГАЗДАН САҚ БОЛАЙЫҚ!

Адам өміріне орасан шығын әкелетін өрт оқиғасымен өрттен тараған көмір қышқыл газының улы екендігі айтылып, жазылғанымен әліде болса немқұрайлықпен қараудамыз. Атап айтсақ, өткен 2020-2021 жылы ауданымызда тұншықтырғыш газбен уланудың 1 жағдайы тіркеліп, 2 ересек адам 3 баласымен уланды. Уланудың басты себебі тұрғын үйдегі пеш жүйесінің түтін құбыры және түтіндігі күйеден тазартылмаған. Сондықтан, осы кезде уланудың қауіпіне қарсы күрес жүргізіп, оны болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруға тиіспіз. Ол үшін от жағу маусымы кезінде пештер мен басқа да жылу беру құралдарының қалыпты жұмыс жасауына ұдайы бақылау жүргізу қажет.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, аудан тұрғындары өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау басты назарда болуы керек.

Тұншықтырғыш газымен улану себептері:

Пеш жағып жылытуды пайдалану ережелерінің бұзылуы (уақытылы саңылауларды жаппау, таза ауаның жеткіліксіздігі, нашар тартуы).

Пешпен түтін шығу жолдарының ақаулы жұмыс жасауы (пеш құрылғысындағы жарықтар, түтін шығу жолдарының бітелуі).

Адамның өрт ошағында болуы.

Ауа алмасу нашар гаражда немесе бөлмеде автокөлікке техникалық қызмет көрсету. Қозғалтқышы қосылған күйдегі автокөлікте ұйықтау.

Біз жоғарыда тұншықтырғыш газымен уланудың негізгі себептерін келтірдік. Сондықтан ауданымыздың әрбір тұрғынына тұншықтырғыш газдан және өрттерден түрлі зардаптар келмес үшін, сақтық шараларын орындау кезек күттірмейтін мәселе екендігін ескерткіміз келеді.

**Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі**

**2022 жылы Ойыл ауданы бойынша ауылдық округтер әкімдері мен аудан әкімі өткізетін халыққа есеп беру кездесулеріне байланысты тұрғындардан түсетін хаттар мен ұсыныстарды жинауға арналған арнайы жәшіктердің орналасқан орны туралы ақпарат**

| Ауылдық округтер атауы | Елді мекендердегі ұсыныс жәшіктері орналасқан орын |
|---|---|
| Ойыл ауылдық округі | 1. Ойыл ауылы – ауылдық округ әкімі аппаратының ғимараты<br>2. Ойыл ауылы – аудандық мәдениет үйі ғимараты<br>3. Екпетал ауылы – негізгі мектеп ғимараты<br>4. Ақшатау ауылы – орта мектеп ғимараты<br>5. Қаракемер ауылы – негізгі мектеп ғимараты |
| Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі | 1. Қаратал ауылы – ауылдық клуб ғимараты<br>2. Құмжарған ауылы – ауылдық клуб ғимараты<br>3. Қарасу ауылы – бастауыш мектеп ғимараты |
| Саралжын ауылдық округі | 1. Кемер ауылы - ауылдық округ әкімі аппаратының ғимараты<br>2. Аққемер ауылы – ауылдық клуб ғимараты<br>3. Бестамақ ауылы – негізгі мектеп ғимараты<br>4. Шиқұдық ауылы – негізгі мектеп ғимараты<br>5. Қоңырат ауылы – дәрігерлік пункт ғимараты |
| Қайыңды ауылдық округі | 1. Ақжар ауылы - ауылдық округ әкімі аппаратының ғимараты<br>2. Көсембай ауылы – негізгі мектеп ғимараты |
| Көптоғай ауылдық округі | 1. Көптоғай ауылы - ауылдық округ әкімі аппаратының ғимараты<br>2. Шұбарши ауылы – негізгі мектеп ғимараты<br>3. Қарасу ауылы – негізгі мектеп ғимараты<br>4. Аманкелді ауылы – орта мектеп ғимараты |
| Қараой ауылдық округі | 1. Қараой ауылы – ауылдық клуб ғимараты<br>2. Құбасай ауылы – бастауыш мектеп ғимараты |
| Сарбие ауылдық округі | 1. Сарбие ауылы - ауылдық округ әкімі аппаратының ғимараты<br>2. Қаракөл ауылы – негізгі мектеп ғимараты |

**Информация о месте расположения специальных ящиков для сбора писем и предложений от населения в связи с отчетными встречами с населением, проводимыми акимами сельских округов и акимом Уилского района в 2022 году**

| Наименование сельских округов | Места размещения ящиков для предложений в населенных пунктах |
|---|---|
| Уилский сельский округ | 1. село Уил – здание аппарата акима сельского округа<br>2. село Уил – здание районного дома культуры<br>3. село Екпетал – здание основной школы<br>4. село Акшатау – здание средней школы<br>5. село Каракемер – здание основной школы |
| Сельский округ им. Ш.Берсиева | 1. село Каратал – здание сельского клуба<br>2. село Кумжарган – здание сельского клуба<br>3. село Карасу – здание начальной школы |
| Саралжинский сельский округ | 1. село Кемер- здание аппарата акима сельского округа<br>2. село Аккемер – здание сельского клуба<br>3. село Бестамак – здание основной школы<br>4. село Шикудык – здание основной школы<br>5. село Конырат – здание медицинского пункта |
| Қайындинский сельский округ | 1. село Акжар - здание аппарата акима сельского округа<br>2. село Көсембай – здание основной школы |
| Көптогайский сельский округ | 1. село Коптогай - здание аппарата акима сельского округа<br>2. село Шубарши – здание основной школы<br>3. село Карасу – здание основной школы<br>4. село Аманкелди – здание средней школы |
| Караойский сельский округ | 1.село Караой – здание сельского клуба<br>2. село Кубасай – здание начальной школы |
| Сарбиский сельский округ | 1. село Сарбие - здание аппарата акима сельского округа<br>2. село Каракол – здание основной школы |

## АУДАН ӘКІМІНІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ ЕСЕП БЕРУІНІҢ КЕСТЕСІ (2022 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР АЙЫНДА)

| Аудан | қантар | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 17, дүйсенбі | 18, сәрсенбі | 19, сәрсенбі | 20, бейсенбі | 30, жексенбі |
| Ойыл ауданы | Ш.Берсиев ат. ауылдық округі Қаратал ауылы, клуб сағ. 10-00<br><br>Көптоғай ауылдық округі Көптоғай ауылы, клуб сағ. 15-00 | Сарбие ауылдық округі Сарбие ауылы, клуб сағ. 10-00<br><br>Қараой ауылдық округі Қараой ауылы, клуб сағ. 15-00 | Саралжын ауылдық округі Кемер ауылы, клуб сағ.10-00<br><br>Қайыңды ауылдық округі Ақжар ауылы, клуб сағ. 15-00 | Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы, аудандық мәдениет үйі сағ. 10-00 | Ойыл ауылы, аудандық мәдениет үйі сағ. 11-00 **(қорытынды кездесуі)** |
| **Барлығы -8** | **2** | **2** | **2** | **1** | **1** |

## ОЙЫЛ АУДАНЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІНІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ ЕСЕП БЕРУІНІҢ КЕСТЕСІ (2022 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР АЙЫНДА)

| Ауылдық округі | қантар | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 10, дүйсенбі | 11, сейсенбі | 12, сәрсенбі | 13, бейсенбі | 14, жұма | 17, дүйсенбі | 18, сейсенбі | 19, сәрсенбі | 20, бейсенбі |
| Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі | Қарасу ауылы, мектеп сағ. 10-00 Құмжарған ауылы, клуб сағ. 15-00 | | | | | Қаратал ауылы, клуб сағ. 10-00 | | | |
| Көптоғай ауылдық округі | Шұбарши ауылы, клуб, сағ. 10-00 | Қарасу ауылы, клуб, сағ. 10-00 Аманкелді ауылы, клуб, сағ. 15-00 | | | | Көптоғай ауылы, клуб сағ. 15-00 | | | |
| Саралжын ауылдық округі | | Қоңырат ауылы, фельдшерлік пунк сағ. 10-00 Шиқұдық ауылы, клубсағ. 15-00 | Бестамақ ауылы, клуб, сағ. 10-00 Аққемер ауылы, клуб, сағ. 15-00 | | | | | Кемер ауылы, клуб сағ. 10-00 | |
| Қайыңды ауылдық округі | | | Көсембай ауылы, клуб, сағ. 10-00 | | | | | Ақжар ауылы, клуб сағ. 15.00 | |
| Сарбие ауылдық округ | | | | Қаракөл ауылы, мектеп, сағ. 10-00 | | | Сарбие ауылы, клуб сағ. 10-00 | | |
| Қараой ауылдық округі | | | | Құбасай ауылы, мектеп, сағ. 15-00 | | | Қараой ауылы, клуб сағ. 15-00 | | |
| Ойыл ауылдық округі | | | | Екпетал ауылы, мектеп, сағ. 10-00 | Қаракемер ауылы, клуб, сағ. 10-00 Ақшатау ауылы, мектеп, сағ. 15-00 | | | | Ойыл ауылдық округі Ойыл ауылы, аудандық Мәдениет үйі сағ. 10-00 |
| **Барлығы -22** | **3** | **4** | **3** | **3** | **2** | **2** | **2** | **2** | **1** |

# ПЛЕМЕННОЕ КОНЕВОДСТВО НУЖДАЕТСЯ В ПОДДЕРЖКЕ В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

В непростой ситуации оказались местные коневоды. С их слов, сохранять генофонд в регионе без достойных субсидий становится всё сложнее. Государственной поддержки недостаточно для разведения племенных лошадей. Руководители крестьянских хозяйств в Палате предпринимателей озвучили ряд вопросов этой сферы. Здесь прошло заседание Комитета АПК Регионального совета под председательством Марата Итегулова с участием представителей управления сельского хозяйства и фермеров.

По словам последних, достойный уровень господдержки повлияет на сохранение генофонда отечественных пород лошадей как бренда. Для стимулирования конных заводов и племенных хозяйств за выращивание и реализацию племенного молодняка нужно субсидировать племенные хозяйства, реализующие на племя молодняк, а также возмещать затраты за ведение селекционной и племенной работы с маточным поголовьем.

К тому же фермеры сетуют на дороговизну кормов.

«Мы как племенное хозяйство работаем с 2014 года и на протяжении шести последних лет непосредственно особое внимание уделяем селекционно–племенной работе. Начинали с 30 кобыл. На сегодняшний день имеется 200 голов маточных племенных конематок. На это ушло у нас 6 лет работы. И это благодаря тому, что мы прекрасно понимаем, что нужно работать совместно с наукой и поддерживать ученых селекционеров. Но на сегодняшний день у нас в Казахстане ученых селекционеров в области коневодства осталось считанное количество и в основном это люди пенсионного возраста. Кадры для науки — это огромная проблема. Мы, хозяйства хотим развиваться, нам нужны инновации, молодые ученные. Не все малые хозяйства могут потянуть затраты на ведение селекционной и племенной работы. В этой части нужна господдержка, а также в части субсидирования именно на маточное поголовье племенных лошадей», — говорит глава хозяйства «Сатжол» Ляззат Нургалиева.

К примеру, на сегодня коневодческие хозяйства могут получить субсидии за приобретение и заготовку кормов. Норматив субсидии составляет 20 тыс. тенге на одну голову. А субсидия, или, иными словами, господдержка, за приобретение племенного жеребца для коневодов предусмотрена в размере 100 тыс. тенге за голову.

«Почему-то все считают, чторазведение лошадей— этобез затратный вид деятельности. Достаточно подножного корма. Если говорить о племенных хозяйствах, стремящихся сохранить породу, то там же есть селекционно–племенная работа. Это долгая работа», — недоумевает директор Республиканской палаты пород лошадей продуктивного и универсального направленияКалыбекРзабаев.

В свою очередь заведующий отделом коневодства Актюбинской сельхозопытной станцииТолыбекРзабаев поделился видением и проблемами в научном сопровождении развития коневодства, и также отметил вопрос дефицита кадров.

О проблемах в работе систем идентификации сельхозживотных (ИСЖ) и информационно-аналитической системы животноводства (ИАС) рассказал главный специалист Республиканской палаты пород лошадей продуктивного и универсального направлений Алмат Биму-ратов.

Представители управления сельского хозяйства ещё раз выслушали проблемы, сложившиеся в животноводстве. Здесь ссылаются на уже имеющиеся правила и направления в субсидировании. Предприниматели, занимающиеся коневодством намерены обратиться за помощью в правительство, если проблема не будет решена в масштабах области. Вся надежда, что предложения фермеров включат в разработанную в этом году минсельхозом концепцию, и, возможно, проблема субсидирования племенного коневодства найдет свое разрешение.

«Есть проблемы и по работе в базах по идентификации сельхозживотных по ведению учета, есть проблемы с наукой, то есть с низким финансированием. Отсюда следует и дефицит кадров в этой отрасли, бонитеров не хватает в хозяйствах. Было предложено разработать региональную программу развития коневодства, просить деньги с местного бюджета, также будет направлено предложение и на республиканский уровень — это министерство сельского хозяйства по увеличению направлений субсидирования, таких как субсидирование на селекционно–племенную работу в коневодстве», — сообщил начальник отдела АПК региональной Палаты предпринимателей Владимир Ким.

По итогам обсуждения Республиканской палатой коневодства совместно с ученными Актюбинской сельскохозяйственной опытной станции будет разработана Региональная программа развития коневодства. Палатой предпринимателей и управлением сельского хозяйства будет инициирован вопрос перед МСХ РК по усилению господдержки племенного коневодства путем субсидирования селекционно-племенной работы в данной отрасли.

Также, для сохранения и развития бренда Мугалжарской и Кушумской пород лошадей, выведенных в Актюбинской области и известных во многих странах, перед руководством области будет инициирован вопрос оказания содействия по созданию Центра искусственного осеменения, а также проведению ежегодных выставок по демонстрации достижений племенных коневодческих хозяйств области и других регионов страны.

Директор Палаты предпринимателей Актюбинской области Сулупан Шинтасова рекомендовала управлениям сельского хозяйства и ветеринарии оказывать всевозможную поддержку в решении проблемных вопросов, а также реализации поставленных задач по развитию племенного дела в коневодстве.

В целом по данным Республиканской палаты порода лошадей продуктивного и универсального направления в Актюбинской области на сегодняшний день юридически зарегистрировано 26 племенных хозяйств, в которых насчитывается более 7 тыс. голов. Всего по Казахстану — 63 племенных хозяйств с общим количеством поголовья — 23 тыс. голов.

Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі, осы бөлімнің бас маманы Нұрмұханов Наурызбайға әжесі

**Орыншаның**

қайтыс болуына байланысты ағайын туыстарына көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының кіші қызметкері Оразова Гүлбаршынға және туыстарына ардақты ағасы

**Сатыбалдының**

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1546 дана. Тапсырыс №1299
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

# «ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАСТЕРЛІ ҰҒЫМ - ЕҢ ҚЫМБАТ ҚАЗЫНАМЫЗ!»

Тәуелсіздік – халқымыздың маңдайына біткен, алауыздықты біржолата бұрандап кеткен, алпауыт күшпен тіресе, ерлік пен елдікті қатар ұстап, халқының баға жетпес асыл қазынасы болып өткен ұғым болып саналады. Сан ғасырлық соқпақты жолдан аман өткен еліміз тәуелсіз мемлекет атанғалы жеткен жетістіктеріміз еселеп артып, қарқынды дамып келеді. Тәуелсіздік кезеңінде еліміз заманға сай үлгілі дамудың өзіндік моделін қалыптастырып, күллі әлемді таңдандырып, абыройы асқақтап келе жатқандығы баршамызға аян. Оған әрине, халқымыздың бекем бірлігі мен көреген Көсбасшымыздың арқасында қол жеткізіп келеміз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан -2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында ұлы мақсатттарға жетелейтін –«Мәңгілік Ел» идеясын ұсынды. Барша Қазақстандық бұл идеяны үлкен қуанышпен қабылдады. «Сен де- бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!» деп Абай атамыз айтқандай мен де еліме, жеріме деген сүйіспеншілікті көрсете отырып, өзімді өз елімнің патриоты ретінде санап, Елбасы бастаған сара жолды жалғастырамын деген сеніммен өзім қазір де қызмет атқарып жүрген ұстаздық біліктілігімді жоғары дәрежеде ұстанып, мейлінше оқушыларымды патротизмге баулып, биік белестерді бағындыруына өз ықпа-лымды тигізіп, дұрыс бағыт бағдар берудемін. Қазір де шәкірттеріммен бірге өзім де мақтанарлықтай бірталай жетістіктерге қол жеткізіп келемін. Атап өтетін болсам, оқушыларым Аяна Рамазанова мен Өркен Жанай республикалық байқауда бақтарын сынаса, оқушым Ерасыл Қосалов «Мен тәуелсіз елдің болашағымын» атты облыстық байқауда III дәрежелі дипломды қанжығасына байлады. Сонымен бірге, екі бірдей оқушым «Ер Едіге» атты үлкен байқауға жырды жатқа айту бойынша I және III орынды иеленіп, ақшалай сыйлықтарға ие болды. Айта берсең, сөз жоқ дегендей, оқушыларымның бұдан да басқа ауыз толтырып айтарлықтай жеткен жетістіктері өте көп. Оқушыларыммен қатар өзім үшін де әсіресе биылғы жыл өте ерекше жетістіктерге толы жыл болды десем де болады. Шәкірттеріме ұстаз ретінде білім беріп қана қоймай, оларды жан-жақтылыққа баулып, үлкен жетістіктерге жеткізу, олардың бойларындағы жасырын қабілеттерін ашу мен үшін үлкен нәтижелі жұмыс. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай, мінекей, мен де өз елімнің патриоты ретінде, осындай кішкене де болса, үлкен жетістіктерге қол жеткіздім. Осы жылдың қарсаңында тіпті өзімнің қандай дәрежедегі ұстаз ретінде екенімді де көрсете отырып, мойындата алдым.

«Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға» - деп дана халқымыз айтқандай, иә, мен ешқашан ұстаздық етуден жалыққан емеспін, өз қызметімді сүйемін және бағалаймын. Жас та болса, бас болып, өз ортамның белсенділерінің бірі болдым. Жас ұстаздардың бірі болсам да, еңбек жолы ұзақ уақытқа дейін жеткен аға ұстаздардан кем түспедім. Әр уақыт өзімнің жаңа қырларымды ашып, жан-жақты болуға тырысамын. Мінекей, сол жан-жақтылығымның арқасында оқушыларыммен бірге өзім де өсіп өніп келемін.

Бәрінен бұрын, біздің тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихындағы барлық жетістіктері, қазақ халқының егеменді заманда жаңаша ерекше өрлеуі, өркендеуі, рухани-экономикалық еркіндігінің, әлемдік қоғамдастық пендүние жүзінің дамыған озық мемлекеттерімен тере-теңіз тең, дәулетті елдермен бірдей қарым-қатынас жасау жетістіктеріміз-дің барлығының алтын бастауы – біздің мемлекеттің Тәуелсіздігінде. Осынау зайырлы мемлекетте білім алып, елімнің дамуына өз үлесімді тигізіп, бақытты өмір сүріп жатырға-нымды мақтан тұтамын.

**Назерке МҮЛКАМАН,**
**Қараой мектеп-балабақшасы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

# «ЖЕРДІҢ АТЫ - ТАРИХТЫҢ ХАТЫ»

**ОЙЫЛ- ЕЖЕЛДЕН ҚАЛЫПТАСҚАН КӨНЕ ҚАЛА. ОЙЫЛ (КӨКЖАР)- 1930 ЖЫЛДАН БЕРІ ҚАРАЙ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ БОЛЫП САНАЛАДЫ.ОЙЫЛ- ЕРТЕДЕ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНА ОРНАЛАСҚАНДЫҚТАН КЕРУЕН-КЕРУЕН ЖҮК ӨТКЕН ТАРИХИ ОРЫН. ТАРИХЫН ТЕРЕҢНЕН АЛАТЫН ОЙЫЛ ТОПЫРАҒЫНДА ЕЖЕЛГІ ЖЕР АТТАРЫ САҚТАЛҒАН. ОЙЫЛ 1918 ЖЫЛЫ АЛАШОРДАЛЫҚТАРҒА ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫ БОЛҒАН. 1921 ЖЫЛЫ ОРАЛ ОБЛЫСЫНАН БӨЛІНІП, ҚҰРАМЫНДА 14 БОЛЫСЫ БАР АУДАН АТАНЫП, 1922 ЖЫЛЫ ТАРАП КЕТЕДІ. 1927 ЖЫЛЫ АДАЙ УЕЗІНЕ БІРІКТІРІЛЕДІ. АЛ, 1928-1930 ЖЫЛДАРЫ АЛТЫҚАРАСУ АУДАНЫ АТАНҒАН. 1930 ЖЫЛДАН АҚТӨБЕ ОКРУГІНЕ, КЕЙІН ОБЛЫС ҚҰРАМЫНА ҚАРАДЫ. АУДАНДА ОЙЫЛ, ҚИЫЛ, АЩЫ ОЙЫЛ, ЖАҚСЫБАЙ, ҚУЫРДАҚТЫ ӨЗЕНДЕРІ, БАРҚЫН ҚҰМДАРЫ, ЖЕКЕНДІ, ҚҰТЫКӨЛ, ТАМДЫКӨЛ КІШІГІРІМ КӨЛДЕРІ, ҚҰСМҰРЫН, ҚАРАЖАР, ҚАРАУЫЛТӨБЕ, ҚАРАТАУ, ОРЫНДЫҚТАУ БИІКТЕРІ БАР. ҚАРАУЫЛТӨБЕ, АҚШАТАУ ШОҚЫЛАРЫНАН ҚҰРЫЛЫСТЫҚ АҚ БОР АЛЫНАДЫ.**

**«ЖЕРДІҢ АТЫ - ТАРИХТЫҢ ХАТЫ» ДЕМЕКШІ, ӘР ЕЛДІҢ, ӘР ХАЛЫҚТЫҢ ӨЗІНДІК ТАРИХЫ БАР. ТАРИХИ ЖЕРЛЕРДІҢ ҰМЫТЫЛМАЙ, ҒАСЫРДАН-ҒАСЫРҒА ҰЛЫҚТАЛУЫ БОЛАШАҚ ҰРПАҚТЫҢ МІНДЕТІ БОЛЫП ҚАЛА БЕРЕДІ. ӨЗ КЕЗЕГІМІЗДЕ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ МАҢАЙЫНДАҒЫ ЖЕР-СУ АТТАРЫНА ТОҚТАЛЫП ӨТПЕКПІЗ.**



**Самай -** Самайқожаның атымен аталады. Көптоғайдан 40 км қашықтық, Көптоғай мен Қызылқоға ауданының шекарасында орналасқан.

Самайқожа Ханқожаұлы (1800-1847) Сүйіншқара батырдың ауылын үш мың қолмен түркімендер шауып, батырдың екі қызы Айсалқам, Жансалқам мұңын шағып адай мен таздың балаларына мынадай өлең жазып жіберген екен:

Барсаң сәлем айта бар сегіз арыс адайға,
Екінші сәлем айтайын құнан арыс шабайға
Үшінші сәлем айтайын Қаратаздың ішінде
Төремұрат, Өтен, Басықара, Бәкенге
Және де сәлем айтайын
Хан қожасы Самайға.

Сол Самай таздың қожасы таздың Төремұрат, Өтен, Нарынбай батырлармен сөзге келіп қалып,

Қатулансам қара таз,
Қазаныңды қиратармын! - деген екен.

Соған таздың батырлары ашуланып Самайды келер жолын аңдумен болады. Бірде аңдушыларға жалғыз кездесіп қалып, Самайды қуады. Шұбарши елді мекені жағында «Самай Қарасу» деген жер бар. Қарасуға жете бергенде Төремұрат найзамен шаншиды. Найза тиген Самай Қарасуға құлайды. Самай өте үлкен денелі кісі екен. Оның майы суға ақтарылып түседі, судың бетін май алып кетеді. Батырлар сол судың үстімен жүз мың жылқы айдап өткізеді. Қожалар Қарасудан Самайдың тек бір бармағын ғана тауып алып бір төбеге апарып жерлейді. Басына шошақ там салады. Қорымда Самай қожаның құлаған тамы және бірнеше балбал тастар бар. Қожалар Қаратазды шербейге заңға тартып жеті мүшесіне жеті кісінің құнын алады. Самайдың баласы Тоқтар, Тоқтардың баласы Салтамақ қожа. Ол да Келдібайдың белді адамы болған. Кешегі 1931-1932 жылдары көп қазақпен бірге бәрі де ашаршылықтың құрбаны болып кеткен.

**Алтыотау -** Қаратал селосына жақын жер атауы. Кеңшар кезінде мал қыстағы болған. Қараталдан 16 км жерде. 1936-1938 жылдардағы Исатай-Махамбет бастаған шаруалар көтеріліске қатысушы Адай руының Тәзіке бөлімінің батыры Досақан Жәнібекұлы патшаға қарсы бас көтергені үшін 10 жыл Сібірге айдалады. Досақанмен достық қарым-қатынаста болған. Кете руының жұлдыз бөлімінің Орай балалары. Қамқорсыз қалған Досақан балаларын, әйелін паналатады. Оларға Ащы Ойыл бойынан алты отау тігіп, жер беріп қоныстандырып, алдарына мал салады. Жұлдыз-Кетелер мен Тәзіке Адайлар арасында жеті атаға дейін қыз алыспас ағайын болуға келіседі. Алғаш рет алты отау тігілген жер әлі «Алтыотау» деп аталады. Кейіннен Ойыл өзеніне шығыр салып егін еккен жерлерін «Адайқұлақ» деп атаған. Досақан батыр ұрпақтары Ақтөбе қаласында, Темір, Ойыл, Қобда аудандарында тұрады.

**Дереккөз:**
**Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі, Ақтөбе қаласы, 2007 жыл.**



# НҰРБЕК ТӘЛЕНҰЛЫ. ШЕҢБЕР

## (ӘҢГІМЕ)

Жөндік деуге жарамайтын жаратылысынан міскін кейіпті: Мыртық, бақанақ, жеркене, осынау иттің ұлы итақайдың өз әмір алабын, тиесілі жерін, ықпал аумағын – шеңберін қорғауға келгенде мұншама өлермен, мұншама ақ көз боларын кім біліпті...

Шеңбер аумағынан өз нәсілінің жат иісін танауы шалды-ақ өре түрегеліп, өрен-жаранымен жаппай атакаға өтіп, құны-перен ызбарлана лап бергенінен жаның түршігеді... бұлардың соншама ызақор, көкбет, тасбауыр болатыны, шамасы келсе, дұшпанын шайнап, жөркемдеп тастамаққа дайын тұратыны сұмдық!... осыншама көкдолы болатыны, бәлкім, бұлардың бір кездері: үйге, құшаққа, былқылдақ орындыққа, төсекке әдеттенген, әбден әздектеліп, бұла өсірілгендігінен болар... Қадірін қашырмаған бірлі-жарымы әлі де біреулердің еркетотай, шолжаңбайы болып жүр емес пе? Үйде отырып түзге үрген ит арпылын іргеден өткен жолаушының құлағы әлі де шалып жүрген жоқ па?!

Тумысынан төрт қанат тамға қамалған үй күшіктің тірлікті мәртебе көретін сығырдаңның қоржада отырып үрген дауысында біртүрлі менменсудің, мейманасы тасудың, масаттанудың сұмқай лебі бар-ау, бәтір!

Көп «күшікттейтін» иттігінен қадірі қашып, сүйкімі кеткеннен кейін, қаңғыбастық кепешін киіп, кілең кір-қожалақ, лас, мүскін, мыржық бастанған. Үйден қудаланған соң, кекті мақұлықтың көкірегіне ешкімді аямас кезбастық-өштік беріші шемен боп қатсын, ендігіде шамасы жетсе, кім-кімдіде шайнап тастамақ.

Жаман қорыққанын сыйлайды. Соншама қиқар, қиянпұрыс бола тұра, бұлар әлуетті, дүмі жуан, тұрқы зор дәулердің бетіне, әсте, жел боп тимес еді. Күштілер иемденбелі өңіріне баса көктеп кірсе де, тіпті иелік шеңберінің ішіне дәретке отырып кетсе де, оларға қың дей алмас-ты. Есесіне, киімі жыртық, иіні салыңқы, ілбиген қорғансыз жандарға аш бөрідей атылып бағатын. Алпыншақ-салпыншағын, әлекей-шәлекейін артқан кембағалдың үш дөңгелекті арбасына, ақсаңдай басқан кемтарға, әлжуаз көріге, шынжау жас балаға шие бөріше жабылып кеп, тажалдай тисер еді. Арашаға түсер біреу-міреу болмаса, талап жеуге бар.

Қанден әулеті сәулетті көліктің, сындардай жігіттің, бай-бағланның қабағына қарағыш келеді, тіпті керек десең, мүлаймсіген монтаны түрі арқылы оларға деген өзінің кемшілігін, «Ізетін» байқатып қоюдан еш жаңылмас та еді, әттең, ергежейліге көз салар мұрсат бұларда болса ғой.

Көрші үй сирағы сабаудай бір сұқсыр тазыны әкеп темір шарбаққа тоғытты. Бір кезде бел-белес, қыржоталарда оқ жыландай ұшып, шаршамай жүгірген, қырдың каусар ауасын суша сімірген құтпан зәузәтінің енді келіп қапырық ауадан тынысы буылсын, демі сығылсын... қапаста тырп етпей жату бұған да жеңіл тимеген, келе-келе қатты қыңсылауға, үн салып жылауға да барған.

Жүйрік тазы қамалған шарбақ осы маңдағы үйірлі қандендердің аумағында-тын. Аты бір ит, заты бір байқотан болған соң, бұлар келіп, ендігіде қамаудағы тазыны сырттан бір сәт қызықтай жүруді тапқан. Биіктен салбыраған салпаң құлағына шалқая қарап, сояудай сирағына еңкейе көз салып, иіс төркінін парықтап, нәсілін мелжемдеп бір сәт бөгелісін, алабөтен аңтарылсын! Бұлардың мынау үрпиіскен түрі тазыға да аз-кем алданыш, сәл-пәл ермек...

Түлкі түгіл тауық ұстай алмас қанденнің, тағы келіп, сұқсыр тазыдан бағы артық екен. Қаласа мұның маңынан табылып, қаламаса, өз жөніне кете барады. Тұрлаусыз достық – у, өзіңді өзгемен салыстыру – қапа: ұшқыр болғанымен қапаста ғой, мынау мыртық болса да бір тұтам сирағымен көше-көшені аралап, мігірсіз тімтеңдеп шауып жүрмей ме...

...міне бүгін де ұйқы қашқан бір түн болды... Қандендер иелік алабына жуып кеткен әлде бір ит-құстың сыбдырын шалып, шәбелеңдеп, шабынып, жабыла лап берген, шажылы айғай-шудан түн тыныштығы бұзылған... Қалың дүбірге қатыса алмай қор болып, біреулер пұшаймандық кебін киген, қалың шарқылдақ арпыл арасынан дауыс салып жылаған кісі үніндей бір зарлы үн құлаққа шалынады, ол қапастағы сұқсыр тазының зарзапыраны еді... Ит екеш иттің де қасіреттен өзегі өртеніп, қан құсар кезі болады екен-ау! Сұқсыр тазы анау итбегі інімнің қолына түссе ғой... Көкек әні басқаша айтылар еді, құшақтағы итақайдай әспеттелетіні мұнда тұр.

Кешқұрым итбегі інімнің «Достық шеңберінен» (әлеуметтік желідегі парақша) «Ақтөс» пен «Жолдыаяқтың» кескінін көргем... бір уақ бой жаздырып, серуендетіп жүрмін дейді... Екі ит қуаныштан есі шыға жынданады, мынау бақытын дүниенің бар қызығына айырбастағысы келмегендей арсалаң қағады, иесін жеп алатындай жақсы көріп, әліп-әшіп сүйеді, іші-бауырына кіріп кете жаздайды, ал келіп шауып жөнеледі, ал келіп арсаландап оралады... Екі тазы онда асыр салады, сұқсыр тазы мұнда қан құсады, топаның көптігіне арқаланып әлсізді басынып шарқылдап-барқылдап қандендер салтанат құрады. Арпыл мен арсылдың, үру мен ұлудың шу-шұрқаны жуырманда басылатын емес... Мұның бәрі де әркімнің өз шеңберінің ішінде болып жатқан «Хикметтер» еді.

*adebiportal.kz*

# Қ.ЖҰБАНОВ ТАНЫМЫ: ГРАММАТИКА ЖӘНЕ СӨЗТАНЫМ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Профессор Қ.Жұбановтың тілдің даму заңдылықтары, оның ішкі-сыртқы жағдайларға қатысты өзгерістері, тіл мәдениеті мен терминдік қолданыстары, диалект, сөз сөйлеу, сөз бен ой, сөйлем, тіл қызметі, сөйлем қызметі, жөніндегі пайымдауларының барлығы да, түптеп келгенде, сөзтаным мәселесіне келіп тіреледі. Осы мәселе жөнінде ғалым Б.Хасанұлы: «Қ.Жұбанов болса жалпы тіл білімі мәселелерін ана тілі негізінде өрбіте отырып, әр қилы мәселелерді сан алуан тіл өрнектерімен өре білген. Отандық жалпы тіл білімі профессор Қ.Жұбанов шығармашылығы мұрасынан бастау алған»,- деп жазып, одан әрі оның сөзтанымдық ізденістеріне терең талдау жасайды [1, 15]. Қ. Жұбановтың қазақ сөйлемінің құрамында сөздің бір-бірімен грамматикалық қатысқа түсетіні және осы арқылы сөздің мағыналары айқындалатыны, әр сөздің орны, мағыналық ерекшелігі грамматикада сөзтанудың маңыздылығын көрсетіп берген.

Қ.Жұбанов сөзтаным мәселесінде сөздің құрылым ерекшеліктеріне назар аударып, «Сөздің сыртқы көрінісін сөздің тұлғасы дейміз»,- деп анықтама беріп, «1.Түбір сөз, 2.Қосымшалы сөз, 3.Кіріккен сөз, 4.Қыйулы сөз, 5.Қосар сөз, 6.Қосалқы сөз»деп оларды сөз тұлғасының түріне қарай алтыға бөліп көрсетеді [2, 163]. «Сөздің түп мағынасын беретін бөлшегін түп бөлшек, немесе қысқартып түбір дейміз»,

- деген анықтама беріп, «Айдын көл-де шағала, Айдын көл-ді жағала»,

- деген өлең жолындағы «көл-де, көл-ді» сөздерінің түп бөлшегі «көл» деп көрсеткен. «Екі сөзден құралып, бір нәрсенің атын көрсетіп, тұратын», «әрқайсысы о баста екі сөз болғанмен, бүгінде бір сөз болып кеткен» сөздер айтылып, оны «жалғасушы кіріккен», «қиюлы кіріккен» деп екі түрде қолданған. «Қосар сөздер» деп қазіргі қос сөздерді атаған екен. «Қосарынан айтылатын сөздерді қосар сөздер дейміз», -деп «бала-шаға», «үлкен-кіші», «ұзын-қысқа», «сатыр-сатыр», «көзбе-көз», «шайпай», «қап-қара», «сап-сары» деген сөздерді мысалға келтірген. «Қайсыбір сөздер түбірше, онша жұмсала алмай, басқа бір түбір сөз, үстеулі сөз, жалғаулы сөздердің біріне қосалқы болып ғана жүре алады. Ондай сөздерге көбінесе жаңадан үстеу де, жалғау да жалғанбайды. Осындай сөздерді қосалқы сөздер дейміз», - деп, «шейін», «сайын», «менен», «да», «тым», «өте», «ең» деген т.б сөздерді мысалға келтірген. Сөйтіп ғалым түбір сөз, қосымшалы сөз, кіріккен сөз, қыйулы сөз, қосар сөз, қосалқы сөз түрлерін атап, олардың өзара ажыратым белгілерін көрсетіп, барлығына мысалдар келтірген. Осы морфологиялық тұрпатына қарай сөзтаным мәселесінің сыртқы құрылымдарын көрсетіп бергенін білеміз. Қ.Жұбановтың сөзтаным мәселесін жан-жақты қарастырғанын, оның сөздің тұлғалану процесін зерделеуші ғалым екендігін, қазіргі «сөзформа» терминін Қ.Жұбанов айтқандай, «сөзтұлға» деп атаған дұрыс деп кезінде белгілі ғалым А.Ибатов айтып кеткен еді [3,135].

Қ.Жұбанов «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан» атты

мақаласында құрмалас сөйлемді «күрделі сөйлем» деп атап, оны екі түрге бөледі. Мұнда бірінші күрделі мүшесі бар сөйлем - сабақтас. Екінші салалас түрін «жалғасқан сөйлемнің жинағы» деп қарастырады. Ғалым сөйлемнің жеке түрлері мен бөлшектері болатындығын айта келіп, әр түрге айырып топтастырады: 1). Жай сөйлем; 2). Жайылма сөйлем; 3). Күрделі сөйлем /Құрмалас/. Бұл үш түрлі сөйлемді қандай мүшелері бар, қандай мүшелері жоқ болуына қарай топтастырған [4, 73]. Қ. Жұбанов өз еңбегінде Күнсұлу, Айсұлу, Таңсұлу, Күнжарық, Айжарық, Таңжарық сияқты күрделі есімдердің қазіргі синтаксистік нормалар аясында бөлшектеуге келмейтіні, қазіргі тілімізде сын есім анықталушы мүше орнында тұрғанда, зат есім ешқашан анықтауыш қызметінде жұмсалмайтыны да даусыз екенін айтқан [2, 173]. Қазіргі қазақ тілінде изафетті құрылымдағы бірінші сөзі де, екінші сөзі де зат есім болуға тиіс. Сын есімдер басқа зат есімдерден бірігіп, бір анықтауыштық топқа енгенде ғана олардан кейінгі зат есімдермен (ұзын құйрық түлкі, биік өкше етік т. б.) изафеттік байланыста айтыла алады деп көрсетеді. К. К. Юдахин түркі тілдерінде изафет деп – екі зат есімнен тұратын анықтауыштық тіркесті атайтынын және осы изафеттің үш түрі (типі) түркі тілдерінде морфологиялық бай тәсідерді жеткізудің құралы екенін мойындай отырып, заттардың белгілерін нақтылауда бұл типтердің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Сондықтан түркі тілдерінде қазіргі кезеңде «сын есімдердің мұнан арғы қалыптасуы және изафеттік құрылымдардың мағыналық жағынан қайта құрылуына сәйкес кей жағдайда оларды сын есіммен алмастыру процесі де жүріп жатыр» деп тұжырымдайды. «Әрине, изафеттік тіркестердің ертеде сөзден сөз тудырудың тарихи жағынан ең көне және негізгі амалдарының бірі болғанына шек келтірмейміз. Бірақ, Айжарық, Таңжарық, Күнсұлу, Айсұлу т. б. тіркестерді синтаксистік (изафеттік) құрылымның жемісі деп те айта алмаймыз», дейді ғалым Ж.Тектіғұл [5, 164].

Қ.Жұбанов сөзтанымның тарихи грамматикалық ерекшеліктерін таныту мақсатында «бір сөз мағынасының кеңейіп тарауы» туралы талдаулар жасап, «Қатын деген сөз ерте замандарда ханның әйелдеріне ғана арналған атау болған, кейін келе ханның уәзірлерінің әйелдерін де солай деп атаған, ақыр соңында байға тиген барлық әйелдерді «қатын» деп атап кеткен»,- деген сөз мағынасының тарихи жағына қатысты мысал арқылы түсіндірген. Қ.Жұбанов 156 сөзтанымда тарихи ерекшеліктің бірі: «Қол – иықтан бастап саусақ басына дейінгі адам мүшесінің аты. Шынтақ, білек, қар, саусақ бұрын қол болған» деп, бүтін сөздің мағынасының бөлшекке көшуі туралы бірнеше мысалдар келтіре дәлелдеген [4, 75].

Қ.Жұбанов тілдік құбылысты танудың жекелеген салалары: фонетика, морфология, синтаксис, лексика және семантика бір-бірінен «қытай қорғанымен» бөлінген емес, керісінше олар өзара байланысып, араласып, біте қайнасып жатады деп, оған «көз-көр», «семіз-семір» секілді сөздердің шығу төркіні синкретті түбірлерге келіп саятындығын, ол сөздердің соңындағы р~**з** дыбыстары өздері жалғанған түбір-негіздерді есіммен етістікке ажыратудың басты критерийі ретінде қарастырылуы керектігін сөз еткен. Бұрын тіл дамуының көне дәуірінде р ~ **з** сәйкесімі есімнен етістік тудырып, етістікті сөз табы ретінде қалыптастыруға негіз болған фактор қызметін атқарған; -*з* форманты – есімнің, -*р*форманты – етістіктің көрсеткіші болған [2, 406]. Олай

болса, «синкретті түбірлердің түркі тілдерінде зерттелуін барлай отырып, тілші ғалымдардың пікірлерін салыстыра отырып, түркі синкретизміне байланысты туындаған көптеген сұрақтарға жауап беру әлі де мүмкін еместігін аңғарамыз. Оның себебі, біріншіден, осы мәселе бойынша бір-біріне қарама-қайшы ой-тұжырымдардың молдығы болса, екіншіден, түркі тілдеріндегі есім, етістік түбірлерді этимологиялық анықтаудың қиындығынан болып отыр» [5, 133].

Демек, сөзтаным мәселесінде сөздің тарихи грамматикалық ерекшеліктеріне назар аудару ерекше маңызды мәселелердің бірі деп білеміз.

Қ.Жұбанов еңбектерінің өн бойынан сөз мағынасы, тұлғалық ерекшелігі, шығу тарихы, айтылым-жазылым реті, әдеби тілдік, лексика-стильдік, терминдік қолданыстары, өзге тілмен салыстырмалы-салғастырмалы ерекшеліктері туралы т.б. сөзтанымдық қатарлары жан-жақты қарастырылғанын байқауға болады. Ғалымның сөзтаным мәселесі жөніндегі көзқарастарын оның қазақ тілінің грамматикасына қатысты ғылыми еңбектерімен танысу үстінде көз жетікізуге болады.

Қорыта айтқанда, Қ.Жұбанов «сөзтаным» деп арнайы атаумен атамаса да, оның барлық еңбектерінде сөзтаным мәселелері өте терең, тілдің жалпы мәселелерімен тығыз байланыста қарастырылғанын байқаймыз. Қ.Жұбановты еңбектеріндегі сөзтанымның әртүрлі мәселелері тілдің барлық деңгейлерінде жан-жақты қарастырылған. Ғалым сөзтаным мәселелерін басқа тіл деректерімен байланыстырып, тілдің терең қабаттарына бойлап, өзіндік ой-тұжырымдарымен өре отырып талдаған. Профессор Қ.Жұбановтың қазақ тілі жөніндегі зерттеулерімен танысу барысында оның тек қазақ тілі ғана емес, жалпы тілтаным мәселеріне терең барлау жасағанына куә боламыз.

Сондықтан оның грамматика саласындағы сөзтанымның теориялық мәселерін қалыптастырып, кейінгі ұрпаққа қалдырған сөзтанымдық зерттеулерінің маңызы зор деп білеміз.

**Әсел БАҚТЫҒАЛИЕВА.**